

**ШЖҚ «Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК «Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы»
ММ**

Ұжым жиналысының хаттамасы № 1

Талдықорған қ.

«26» қаңтар 2026 жыл

Талдықорған қаласы, Н. Назарбаев даңғылы, 57 (3 қабат)

ТАҚЫРЫБЫ:

«Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының қағидаларымен талаптары және жалпы денсаулық сақтау саласындағы сыбайлас жемқорлық мәселесі жөнінде».

ҚАТЫСҚАНДАР:

«Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ-нің ШЖҚ «Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК-ның (бұдан әрі – Кәсіпорын) Талдықорған қаласы бойынша қосалқы станциясының қызметкерлері, Кәсіпорын комплаенс қызметкері (*баяндаушы*).

ТЫҢДАЛДЫ:

Комплаенс офицері М.Жасузаков:

«Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережеге сәйкес, кәсіпорнымызда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға және ұжымда адалдық пен ашықтық қағидаттарын қалыптастыруға бағытталған профилактикалық іс-шаралар тұрақты негізде жүргізілуде.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуын қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға және азайтуға, сондай-ақ әрбір қызметкердің жеке жауапкершілігіне, адалдық пен ашықтық қағидаттарына негізделген корпоративтік мәдениетті қалыптастыруға бағытталған шаралар жүйесі.

Біздің ұйым үшін аталған талаптардың маңызы ерекше. Жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясының қызметі азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғаумен тікелей байланысты. Осыған байланысты халықтың сенімін сақтау, барлық басқарушылық, кадрлық және ұйымдастырушылық шешімдерді қабылдау кезінде әділдік, объективтілік және заңдылық қағидаттарын қамтамасыз ету аса маңызды.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шеңберінде әрбір қызметкер:

сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын және кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарын қатаң сақтауға;

мүдделер қақтығысына жол бермеуге, ол туындаған немесе туындау қаупі болған жағдайда басшылықты немесе комплаенс-қызметті уақтылы хабардар етуге;

қызметтік міндеттерін орындауға байланысты сыйлықтар, ақшалай қаражат, қызметтер немесе өзге де артықшылықтарды алудан бас тартуға;


мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру, ресурстарды бөлу және кадрлық шешімдерді қабылдау кезінде ашықтық пен объективтілікті қамтамасыз етуге;

сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, қызметтік өкілеттіктерді теріс пайдалану немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптардың өзге де бұзушылықтары туралы дереу хабарлауға міндетті.

Сонымен қатар, қызметкерлерге түсіндіру жұмыстарын жүргізуге, оқытуға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауға және оларды барынша азайту мақсатында ішкі процестерді жетілдіруге ерекше назар аударылады. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – бұл бүкіл ұжымның ортақ міндеті және оның тиімділігі әрбір қызметкердің жеке ұстанымы мен құқықтық мәдениетіне тікелей байланысты.

Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі өзара іс-қимылға ашық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды сақтау мәселелері бойынша консультациялық және әдістемелік көмек көрсетуге дайын. Кәсіпорын қызметкері, сондай-ақ медицина саласындағы қызметкер бола тура заңдылық, адалдық және кәсіби әдеп қағидаттарын сақтай отырып, бірлескен күш-жігер арқылы халыққа сапалы әрі уақтылы медициналық көмек көрсетуге бағытталған кәсіпорын қызметінің ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз ете аламыз».

Комплаенс офицер _____



М.Жасузаков